

Өсімдіктер карантині саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парапттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1138 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 819 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 31 желтоқсанда № 12740 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.02.2023 № 63 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.02.2023 № 22 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 5 және 6-тармақтарына және 143-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫЗ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.02.2023 № 63 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.02.2023 № 22 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өсімдіктер карантині саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді және (немесе) фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнен алынған өнімді өндіруді, дайындауды, сақтауды, өндеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парагы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес карантиндік объектілерді және (немесе) бөтен текті түрлерді және (немесе) карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған (ластанған) карантинге жатқызылған өнімді пайдалана отырып немесе оларға қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парагы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес ағаштан жасалған буып-тую материалын таңбалауды және залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парагы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес карантиндік арамшөптермен (*Striga spp.* текті карантиндік арамшөптерді қоспағанда) ластанған астықты және оның өнделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін өміршендейтін айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша қайта өндеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы тексеру параграфы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес карантиндік арамшөптермен (*Striga spp.* текті карантиндік арамшөптерді қоспағанда) ластанған астықты және оның өнделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін өміршендейтін айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша қайта өндеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы тексеру параграфы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес ағаштан жасалған буып-тую материалын таңбалауды және залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы тексеру параграфы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.02.2023 № 63 және КР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.02.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2023 № 225 және КР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

2. "Өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парагының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 15-08/579 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 525 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11858 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықты алынған күнінен бастап он күн ішінде оның көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін қамтамасыз етсін;

4) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы

Министрі

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика

Министрі

_____ А. Мамытбеков

_____ Е. Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратуrasesы Құқықтық

статистика және арнайы есепке

алу жөніндегі комитетінің тәрағасы

_____ С. Айтпаева

2015 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2015 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 15-05/1138 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 819 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

Өсімдіктер карантині саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2023 № 225 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Өсімдіктер карантині саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру параптерының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес, өсімдіктер карантині саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне жатқызу және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер (бұдан әрі – рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру) және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шекілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шекілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

3) бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) – қызметі өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объективімен байланысты жеке және занды тұлғалар;

4) болмашы бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заннамасында белгіленген талаптарды астықпен және оның өндөлген өнімдерімен технологиялық операциялар жүргізілгеннен кейін түсіру аландарында, қойма үй-жайларында және технологиялық жабдықтарда қалдықтардың (қоқыстардың, өсімдік қалдықтарының) болуы түрінде бұзы;

5) елеулі бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заннамасында белгіленген, болмашы және өрескел бұзушылықтарға жатпайтын талаптарды бұзы;

6) өрескел бұзушылық – "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде көзделген әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заннамасында белгіленген талаптарды бұзы;

7) тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және занды тұлғалардың занды

мұдделеріне, мемлекеттің мұліктік мұдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу жолымен қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі кейіннен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) қасіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі мүмкін дәрежесі мақсатында рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін, бұл ретте жол берілетін деңгейді қамтамасыз ете отырып, өсімдіктер карантині саласындағы тәуекелдер, сондай-ақ нақты бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) және (немесе) рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеруге бара отырып, осындаі бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) профилактикалық бақылаудан босатуға бағытталған;

9) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – өсімдіктер карантині саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты және жекелеген бақылау және қадағалау субъектісінен (объектісінен) тікелей тәуелді емес бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ;

12) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нақты саласында бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

2 тарау. Бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды және (немесе) рұқсат беру талаптарына сәйкестігін

тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) рұқсат беру талаптары сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

4. Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алғанда жоғары тәуекел дәрежесіне жатады.

5. Ікінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алғанда жоғары тәуекел дәрежесіне жатады.

Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді және (немесе) фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнен алынған өнімді өндіруді, дайындауды, сақтауды, өндеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Карантиндік объектілерді және (немесе) бөтен текті түрлерді және (немесе) карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған (ластанған) карантинге жатқызылған өнімді пайдалана отырып немесе оларға қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Ағаштан жасалған буып-түю материалын таңбалауды және залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Карантиндік арамшөптермен (*Striga* spp. текті карантиндік арамшөптерді қоспағанда) ластанған астықты және оның өнделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін өміршешендіктен айыруды қамтамасыз ететін

технологиялар бойынша қайта өндеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес айқындалады

Карантиндік арамшөптермен (*Striga spp.* текті карантиндік арамшөптерді қоспағанда) ластанған астықты және оның өнделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін өміршендейдіктен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша қайта өндеуге рұқсат беру талаптарына сәйкестігін бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Ағаштан жасалған буып-тую материалын таңбалауды және залалсыздандыру жүзеге асыратын рұқсат беру талаптарына сәйкестігін бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 6-қосымшаға сәйкес айқындалады.

6. Бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) мыналар жатады:

1) фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді және (немесе) фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнен жасалған өнімді өндіруді, дайындауды, сақтауды, өндеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері;

2) карантиндік объектілерді және (немесе) бөтен текті түрлерді және (немесе) карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді пайдалана отырып немесе оларға қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері;

3) ағаштан жасалған буып-тую материалын таңбалауды және заарсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері;

4) карантиндік арамшөптер (*Striga spp.* текті карантиндік арамшөптерді қоспағанда) ластанған астықты және оның өнделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін өміршендейдіктен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша қайта өндеуді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

8. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып, жүзеге асырылады:

- 1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері пайдаланылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін рұқсат беру талаптары сәйкестігін тексеруді жүргізу үшін бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты алдыңғы тексерулердің нәтижелері пайдаланылады.

10. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар бойынша деректер қалыптастырылады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабы 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылаудың және (немесе) рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне арналған графиктер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

11. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы Өлшемшарттардың З-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

3-параграф. Тәуекелдерді басқару

12. Адал бақылау және қадағалау субъектілерін көтермелеге және бұзушыларға бақылау және қадағалау шоғырландыру қагидатын іске асыру мақсатында бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы осы Өлшемшарттардың 19 және 20-тармақтарында айқындалатын кезеңге

бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) рұқсат беру талаптары сәйкестігін тексеру жүргізуден босатылады.

13. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу графиктерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық қуралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүзеге асырылатын бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың өсіндіктер карантині саласындағы осындағы бақылау және қадағалау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауы тиіс.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

14. Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 9-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

15. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу (R) бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) (SP) бару арқылы алдынғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін және субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (SC) қорытындылау жолымен автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады, кейіннен деректер мәндерін 0-ден бастап 100 үпайға дейін.

Rарал = SP + SC,

мұнда:

Рарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші;

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу өсімдіктер карантині саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобын бақылау мен қадағалаудың әрбір субъекті (объекті) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың бір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жататын бағаланатын бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктемелі жынтықты (іріктемені) құрайды.

16. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті колданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті колданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_h = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_h – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100 балға дейінгі шкала бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтар көрсеткіштерін жинақтау жолымен айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_h,$$

мұнда:

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_h – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

17. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0ден 100 балға дейінгі шкала бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i – субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x_i ,

n – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

18. Субъектілер (объектілер) бойынша есептелген R көрсеткіші бойынша мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формуланы пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\min}}{R_{\max} - R_{\min}},$$

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{\max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{\min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Рарал – осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

19. Тәуекел дәрежесі жоғары бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерулер жүргізудің еселігі жылына бір реттен жиілетпей айқындалады.

20. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынған мәліметтерді және бағалау нәтижелері бойынша бірақ жылына екі ретten жиілетпей айқындалады.

21. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес

қалыптастырылатын бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің жартышылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

22. Талаптарға сәйкестігін тексеру Кодекстің 144-бабының 2-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік орган бекітетін рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне арналған тексеру графигінің негізінде жүргізіледі.

4-тaraу. Өсімдіктер карантині саласындағы жеделден қою шаралары

Ескеरту. Бағалау өлшемшарттары 4-тaraумен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 28.06.2024 № 232 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 57 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

23. Осы өлшемшарттар шенберінде қолданылатын жеделден қою шараларына:

- 1) карантинге жатқызылған өнімді (оның ішінде поча жөнелтілімдерінен, қол жүгінен және багаждан) алып қою немесе карантинге жатқызылған өнімді қайтару;
- 2) қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру.

24. Осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаның 13 және 14-тармақтарында көрсетілген талаптарды бұзу карантинге жатқызылған өнімді (оның ішінде поча жөнелтілімдерінен, қол жүгінен және багаждан) алып қою немесе карантинге жатқызылған өнімді қайтару түрінде жеделден қою шараларын қолдану үшін негіз болып табылады.

25. Осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаның 15 және 16-тармақтарында көрсетілген талаптарды бұзу карантинге жатқызылған өнімді (оның ішінде поча жөнелтілімдерінен, қол жүгінен және багаждан) алып қою түрінде жеделден қою шараларын қолдану үшін негіз болып табылады.

26. Бұзушылықтар қызметті немесе оның жекелеген түрлерін алты ай мерзімге тоқтата тұру түрінде жеделден қою шараларын қолдану үшін негіз болып табылады:

- 1) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаның 4-тармағында көрсетілген талаптар;
- 2) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаның 2-тармағында көрсетілген талаптар.

Өсімдіктер карантині
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1- қосымша

Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді және (немесе) фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнен алынған өнімді өндіруді, дайындауды, сақтауды, өндірді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

P/c №	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
-------	--------------------	---------------

1	2	3
1.	Өсімдіктер карантині жөніндегі уәқілетті орган ведомствоны аумақтық бөлімшесін карантиндік объектілердің анықталғаны туралы хабардар етпей	өрескел
2.	Өсімдіктер карантині жөніндегі уәқілетті орган ведомствоны аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келіп түскенін хабарламау немесе оны тексеру үшін көрсетпей	өрескел
3.	Карантиндік объектілермен және (немесе) карантинге жатқызылған өнімнің бөтен текті түрлерімен залалданған (ласталған) карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болуы	өрескел
4.	Карантиндік объектілердің тұқымдары мен жемістерін өміршеңдігінен айыру технологиясы бойынша залалданған карантинге жатқызылған өнімді өндегеннен кейін алынған өнімде өміршен карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болуы	өрескел
5.	Бакылау және кадағалау субъектісінің меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы карантинге жатқызылған объектілерде, жер участкерінде (алқаптарында) карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болуы	өрескел
6.	Қазақстан Республикасының аумағына әкеleiңgen фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына экспорттаушы елдің ұлттық карантин қызметінің фитосанитариялық сертификатының болмауы	өрескел
7.	Қазақстан Республикасының аумағынан фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге	өрескел

	жатқызылған өнім партиясын әкету кезінде фитосанитариялық сертификаттың болмауы	
8.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына кері экспорттаушы елдің ұлттық карантин қызметінің кері экспорттық фитосанитариялық сертификатының болмауы	өрескел
9.	Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының карантиндік сертификатының болмауы	өрескел
10.	Карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошактарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың жүргізілмеуі	өрескел
11.	Қазақстан Республикасының аумағына азық-түліктік, азықтық және техникалық мақсаттарға пайдалану үшін әкелінген дәнді, дәнді-бұршақты, майлы дақылдарды тұқымдық мақсаттарға пайдалануға жол беру	өрескел
12.	Карантиндік арамшөптермен ласталған тұқымдық немесе отырғызылатын материалды себу үшін пайдалануға жол беру	өрескел
13.	Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салулардың немесе шектеулердің бұзылуына жол беру	өрескел
14.	Карантинге жатқызылған өнімді, сондай-ак карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағына және мемлекетішілік тасымалдау кезінде әкелуге жол беру	өрескел
15.	Карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді өткізуға жол беру	өрескел

16.	Карантиндік фитосанитариялық аймақтан карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді әкетуге тыйым салулардың немесе шектеулердің бұзылуына жол беру	өрескел
17.	Карантинге жатқызылған өнімді сактау немесе қайта өндеу жүзеге асырылатын қойма үй-жайларына, кәсіпорындарға жыл сайынғы профилактикалық залалсыздандыруды жүргізу туралы мәліметтердің болмауы	өрескел
18.	Зертханалық сараптама нәтижелерін алғанға дейін отырғызылатын немесе тұқымдық материалды пайдалануға жол беру	елеулі
19.	Зертханалық сараптама нәтижелерін алғанға дейін импорттық отырғызылатын немесе тұқымдық материалды сактау шарттарының сакталмауы	елеулі
20.	Карантинге жатқызылған өнімді танбалаудың болмауы	елеулі
21.	Жолда немесе межелі пунктте карантинге жатқызылған өнімнің баратын жерін өзгерту кезінде өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның аумактық бөлімшесі рұқсатының болмауы	елеулі
22.	Қызметі карантинге жатқызылған өнімді өндірумен, дайындаумен, өндеумен, сактаумен, тасымалдаумен және өткізумен байланысты егістіктерді, аумактарды, қоймаларды жүйелі түрде зерттеп-қараудың жүргізілмеуі	елеулі

Өсімдіктер карантині
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Карантиндік объектілерді және (немесе) бөтен текті түрлерді және (немесе) карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған (ластанған) карантинге жатқызылған өнімді пайдалана отырып немесе оларға қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктер карантині саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

P/c №	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
-------	--------------------	---------------

1	2	3
1.	Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесін карантиндік объектілердің анықталғаны туралы хабардар етпей	өрескел
2.	Карантинге жатқызылған объектілерде, жер участкерінде (алқаптарында) бакылау және кадағалау субъектісінің меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болуы	өрескел
3.	Карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошактарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың жүргізілмеуі	өрескел
4.	Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелуге тыым салулардың немесе шектеулердің бұзылуына жол беру	өрескел
5.	Гылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді әкелуге өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің келісу хатының болмауы	өрескел
6.	Карантиндік объектілерді оқшаулау шарттарына сәйкес зертханалардың (жылыжайлардың) гимараттардан және сыртта өсетін өсімдік-иелерден оқшауланбауы	өрескел
7.	Зертханада (жылыжайларда) санылаусыз (оның ішінде кәріз және су құбырларының айналасында) тұтас қабырғалардың және эксперименттер жүргізуге арналған герметикалық үстелдер мен едендердің, сондай-ақ ауа өткізбейтін есіктердің (оқшаулағыш аралық қабаты бар) және терезелердің (оқшаулаудағы организмдерге сәйкес келетін ұяшықтардың өлшеміндей торлармен жабдықталған) болмауы	өрескел

